



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

успешного обучения, формирования личностных характеристик, отвечающих требованиям новых стандартов, на основе выстраивания индивидуальной образовательной траектории развития ребенка и формирования устойчивости мотивации познания; 2) для психолого-педагогической поддержки всех участников образовательного пространства в системе РК.

#### Список литературы:

1. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе М.Р. Битянова. – М.: Совершенство, 2001. – 298 с. (Практическая психология в образовании).
2. Бьермон К.Л. Социальная компетентность и образовательная среда. Психологическая наука и образование. – 2001. – №4.
3. Ги Лефрансуа Прикладная педагогическая психология. – СПб.: ПРАЙМ-ЕВРОЗНАК, 2003. – 416 с.
4. Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионализма. М.: Изд-во Московского психолого-социального института, 2004.
5. Зеленков, С. Профессиональная ориентация и трудовая занятость молодежи С. Зеленков Народное образование. – 2007. – №6. – С. 239-242.
6. Казакова Е.И. Сопровождение развития новая образовательная технология Психолого-педагогическое и медико-социальное сопровождение развития ребенка. М-лы Российско-фламандской конф. СПб. 2001. С.9-15.
7. Концепция модернизации российского образования до 2010. – М., 2002.
8. Лукьянова И.И. Базовые потребности возраста как основа развития социальной компетентности у подростков. Психологическая наука и образование. – 2001. – №4. – с.41-47.
9. Педагогика: Большая современная энциклопедия. Сост. Е.С. Рапацевич – Мн.: «Современ. слово», 2005. – 720 с.
10. Практическая психология образования. Под ред. И.В. Дубровиной. М., 2000.
11. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании. – М., 2003.
12. Руководство практического психолога: Психическое здоровье детей и подростков в контексте психологической службы. Под ред. И.В. Дубровиной. 2-е изд. – М., 2005.
13. Сапогова Е.Е. Психология развития человека. – М., 2001.
14. Середа Е.И. Практикум по межличностным отношениям: помощь и личностный рост. – СПб.: речь, 2006. – 224 с.
15. Словарь-справочник по возрастной и педагогической психологии. Под ред. М.В. Гамезо – М., 2001.
16. Соловцова, Е. Профессиональная ориентация, деятельность и личностная одаренность Е. Соловцова Народное образование. – 2006. – №8. – С.189-192.
17. Тряпицына А.П. Организация творческой учебно-познавательной деятельности школьников: Учебное пособие. – Л.: издательство ЛГПИ им. А.И. Герцена, 2001.

ОӘЖ 711.7

#### БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Кенжебаева Балжан Яголеевна  
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,  
«Алтынсарин ауданы білім бөлімінің М. Хәкімжанова  
атындағы Щербаков жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қостанай қ., Қазақстан  
E-mail: balzhan-amantai@mail.ru

#### Андапта

*Бұл мақалада білім беру мақсаттарына қол жеткізуде білім алушыларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеу туралы пікір айтылған. Қазіргі заманауи мұғалімнің проблемалық жағдайларды жүйелі талдайтын, бағдарлама жасап, өз қызметін тиімді жоспарлайтын, диагностика мен түзету әдістерін меңгерген, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудегі кеңесі шешімін табатын қабілетті мұғалім болуы абзал. Педагогтердің оқу жұмысын құруға бағытталған әдістемелік жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес үрдісін қалыптастыру, оқытудың алғашқы кезеңдерінде оқушыларды диагностикалау және бақылау барысында анықтау.*

***Кілтті сөздер:** сүйемелдеу субъектісі, білім беру үрдісі, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, қарым-қатынас жүйесі, мектептегі орта, өзін-өзі дамыту, дезадаптация құбылыстары.*

### **Аннотация**

Данная статья посвящена психолого-педагогическому сопровождению обучающихся в достижении образовательных целей. современный учитель должен быть способным учителем, систематически анализирующим проблемные ситуации, разрабатывающим программы, эффективно планирующим свою деятельность, владеющим методами диагностики и коррекции, умеющим находить решения в психолого-педагогическом сопровождении. Организация методической работы педагогов, направленной на создание учебной работы, формирование у учащихся процесса в соответствии с их индивидуальными особенностями и возможностями, выявление в ходе диагностики и контроля учащихся на ранних этапах обучения.

**Ключевые слова:** субъект сопровождения, образовательный процесс, психолого-педагогическое сопровождение, система общения, школьная среда, саморазвитие, явления дезадаптации.

### **Abstract**

This article is devoted to the psychological and pedagogical support of students in achieving educational goals. a modern teacher should be a capable teacher who systematically analyzes problem situations, develops programs, effectively plans his activities, knows the methods of diagnosis and correction, is able to find solutions in psychological and pedagogical support. The organization of methodical work of teachers aimed at creating educational work, the formation of students' process in accordance with their individual characteristics and capabilities, identification during the diagnosis and control of students at the early stages of learning.

**Key words:** subject of support, educational process, psychological and pedagogical support, communication system, school environment, self-development, maladaptation phenomena.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу дегеніміз кәсіби қызметте, яғни мектеп ортасында баламен қарым-қатынас жасайтын мұғалімнің іс-әрекеті. Оқушы тұлғасы мектеп ортасына келіп, белгілі бір міндеттерін атқарып, оларды шешеді, психикалық және жеке даму, әлеуметтену, білім беру және т. б. жеке мақсаттарын жүзеге асырады. Оқушының жемісті оқуына бағытталған қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдайлар, әлеуметтік және психологиялық даму жұмыстары жалғасын табады. Атап айтқанда, оқушының мұғалімімен психологтың болуы мектептегі оқу процесінде мынадай жағдайларды шешуге жақын болады.

- Білім беру және дамыту мақсаттарында көмек беру;
- Мектептен тыс жағдайлардағы жеке ерекшеліктеріне байланысты тіршілік әрекетіне бейімдеу.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудегі мұғалім жұмыстарының түрлерін мына қатарға бағыттаймыз:

- Білім алудың алдын алудағы оқушылардың дезадаптация құбылыстары пайда болуын бақылау, мұғалімдер мен ата-аналарға байланысты ұсыныстар әзірлеу, жас ерекшелігі мен жеке тұлғаларды санатына қарай ажырату, оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселесінде көмек көрсету;
- жеке және топтық диагностикасында маңыздысын анықтау, оқушылардың мінез-құлқын, әрекетін және психикалық күйінің ерекшеліктерін анықтау жағдайы сүйемелдеу үрдісінде ескерілуі керек.
- жеке және топтық кеңес беру істері арқылы көмек көрсету, жеке тұлғаны дамытудағы жағдайлар, өз бетінше таңдау жұмыстары және әрекет ету қабілетін ескеретіндей жаңа мінез-құлқты үйрену;
- жеке және топтық дамыту жұмысын қажеттілікке орай қалыптастыру, жаңа білім алу және қызмет, әрі қарым-қатынаста жүзеге асыру мүмкіндігін жасау;
- жеке және топтық түзету жұмыстарын ұйымдастыру, алғашқысында оқу, мінез-құлық және жеке даму проблемалары бар оқушылармен диагностика үрдісін анықтау;
- психологиялық білім беру және білім беру үрдісіндегі жұмыстардағы қажеттілікті қалыптастыру, оларды өз дамуының мүддесі үшін пайдалануға деген ұмтылыста қолдану, оқушылардың толыққанды тұлғалық дамуын және өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау, әр жас ерекшелігінде, сондай-ақ, тұлғаның қалыптасуы мен интеллекттің дамуындағы өзгерістерді уақтылы ескеру.

Білім беру мақсаттарына қол жеткізуде білім алушыларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеу – тек қана оқушылармен түзету және дамыту жұмыстарының әртүрлі әдістерін білу емес, кешенді технологиядан хабары бар, дамыту, оқыту және тәрбиелеп, әлеуметтендіру мәдениетінде ерекше көмек бере отырып, оқушыны қолдау мен мәселелерді шешу істерін атқару дегенді білдіреді. Сондықтан қазіргі заманауи мұғалімнің проблемалық жағдайларды жүйелі талдайтын, бағдарлама жасап, өз қызметін тиімді жоспарлайтын, диагностика мен түзету әдістерін меңгерген, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудегі кеңесі шешімін табатын қабілетті мұғалім болуы абзал. Психологиялық



сүйемелдеу дәстүрлі түрде білім беруде оқушылар, ата-аналар және мұғалімдерді қамтиды.

Мұғалімнің рөлінің нақты және дәйекті бағытта болуы кемуінде оқушының білім беру жолдарындағы интеллектуалдық және этикалық қабілеттері қызметімен ерекшеленеді. Сондықтан, мұғалім өз жұмыс әрекетінің фундаментін қалай қалыптастырса, қарым-қатынас стилі, мектеп ортасындағы түрлі параметрлері мен қасиеттерін орнататын тұлға ретінде оқыту және тәрбиелеу тұжырымдамаларын, мінез-құлықты бағалау және оқу нормаларын іске асырып, табысты еңбегінің жемісін көреді. Ата-ана нақты жүйеде тасымалдаушы қызметінде, өз баласына аудармашы рөлін атқаратын жағдайлар да орын алып жатады. Ұлттық құндылықтар – діни көзқарас, этикалық және эстетикалық пікір т. б. және қарсы әсерінде ата-ана кейде оқушының мектеп өмірінің нақты мақсаттары мен міндеттерін таңдауына араласады, қолдауы жағымсыз, зиянды және тіпті даму жолдарын жабуға тырысатын ата-ананың әрекеті оқушы үшін физикалық және құқықтық тұрғыдан да, отбасылық жағынан да қауіпті мәдени, діни, ұлттық дәстүрлері болады [1 б. 128]. Мектеп ортасында түрлі жолдардағы мәселелердің шешілуіне жағдай жасайтын педагогтар мен психологтар құнды әдістер арқылы еріксіз қақтығыстарды сыни тұрғыда шешіп жатады. Күрделі заманның құбылмалы бағытында мектеп оқушыларына саналы тәрбие мен білім беру мақсаттарын мойнына алған ұстаздар ғана, өз ісіне адал, тәжірибесі мол тұлға ретінде қарым-қатынастағы өзгені түсінудің маңызды істерін шеше отырып, саналы өмір таңдауға көмектеседі.

Білім беруді жаңғырту жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыттарын былай етіп қарастырсақ:

- оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту;
- денсаулық пен қауіпсіз өмір салтының құндылығын қалыптастыру;
- білім алушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін мониторингтеу және дамыту;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды анықтау және қолдау;
- дарынды балаларды анықтау және қолдау;
- психологиялық-педагогикалық олимпиада қозғалысына қатысушылар қатарын қолдау;
- оқушылардың саналы және жауаптылықты таңдауын қамтамасыз ету, кәсіби қызмет

саласын дамыту;

- жас ерекшеліктеріне байланысты мектеп ортасында қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

- Оқушылардың қабілеттеріне қарай өзін-өзі басқаруын қолдау.

Білім беру мақсаттарына қол жеткізуде білім алушыларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеуді қолдаудың негізгі мәселелері:

- оқыту мен дамудағы қиындықтарды анықтау және алдын алу, девиантты мінез-құлық,
- жеке мәселелер, ҰБТні тапсыру,
- функционалдық сауаттылық, оқушыларды қабілеттеріне қарай бейімдеу,
- ғылыми жобалар мен әдеби оқулар байқауына ұмтылдыру,
- білім алушыларға бейіндік оқыту,
- дарынды балалармен жұмысты арттыру мәселелерін ашу.

Білім беру мақсаттарына қол жеткізуде білім алушыларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеу жұмысының жоспарына мыналарды қояр едім:

*I. Білім беру мақсаттарына қол жеткізуде білім алушыларды мектепке қабылдау кезеңінде психологиялық педагогикалық сүйемелдеу.*

1. Анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, баланың мектепке дайындығы. Әдетте, диагноз екі компоненттен тұрады, біріншіден, деңгейді бағалауға мүмкіндік беретін жалпы жедел диагностика жүзеге асырылып, психологиялық дайындық және кейбір әмбебап оқулықтардың қалыптасуы баланың іс-әрекеті қаралады. Қабілеттеріне қарай бағытталған оқушыларменнәтиже алу мақсатында «диагностикалық тур» ұйымдастырып, себептерді анықтауға бағытталған түзету жұмыстары жүргізіліп, екінші «диагностикалық тур» шешімімен жүзеге асырылады [2 б. 27]

*2. Білім беру мақсаттарына қол жеткізуде білім алушыларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеуде ата-аналар үшін топтық және жеке консультациялар өткізу.*

Ата-аналар жиналысы түріндегі топтық кеңес-бұл әдіс ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру, ата-аналарға ұйымдастыру бойынша баласының мектепке келген күнінен, соңғы күніне дейінгі уақыттардағы мектеп сабақтарына қатысуына байланысты ұсыныстар қаралады. Жеке тестілеу нәтижелері бойынша ата-аналар үшін консультациялар өткізіліп, әмбебап оқу әрекеттерінің қалыптасу деңгейінің төмендігі және мектепке бейімделудегі қиындықтар жөнінде пікір және кеңестер алады.

*II. Білім беру мақсаттарына қол жеткізуде білім алушыларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеудегі мектеп ортасындағы оқушыларына кезеңдері бар:*

1 кезең . Мысалға алсақ, оқушылардың мектепке алғашқы бейімделуі. Бұл ең жауапты іс біз үшін, оқушылар үшін ең қиын сәт, бірақ берілген білім мақсатын толығымен игертуге міндеттіміз. Ол үшін төмендегі жұмыстар маңызды рөл атқарады:

1. Деңгейді анықтау мақсатында келген оқушылардың бастапқы диагностикасы мен оқушының мектепке психологиялық бейімделуі, жеке түзету жолдарын ашу.

2. Оқушылардың ата-аналарымен кеңестер және оқу ағарту жұмыстарын жүргізу, негізгі міндеттері мен қиындықтарымен таныс болуға бағытталған алғашқы бейімделу, қарым-қатынас тактикасы және балаларға көмектесу.

3. Бірыңғай әзірлеу жұмыстары бойынша мұғалімдердің топтық және жеке кеңестерін өткізу, оқушылармен жұмыс істейтіндер үшін әр түрлі тараптан жекелеген балаларға және сыныпқа қойылатын талаптардың бірыңғай жүйесіне көзқарасын анықтау.

4. Педагогтердің оқу жұмысын құруға бағытталған әдістемелік жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес үрдісін қалыптастыру, оқытудың алғашқы кезеңдерінде оқушыларды диагностикалау және бақылау барысында анықтау.

5. Психологиялық-педагогикалық тұрғыда оқушыларды қолдауды ұйымдастыру.

6. Оқушылармен деңгейін көтеруге бағытталған топтық дамыту жұмыстарын ұйымдастыру, мектепке дайындығы және жаңа жүйеге әлеуметтік-психологиялық бейімделуі қарым-қатынасын анықтау.

7. Педагогтар қызметінің қорытындыларын түсінуге бағытталған, психологтар мен ата-аналар, оқушылардың алғашқы бейімделу кезеңіне талдамалық жұмыс жүргізу.

2 кезең. Білім беру мақсаттарына қол жеткізуде білім алушыларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеуде мектеп оқушыларымен мектепке бейімделудегі қиындықтары бойынша психологиялық-педагогикалық жұмыс. Осы бағыттағы жұмыс, мәселен, 1 – сыныптың екінші жартыжылдығы және мыналарды қамтиды:

1. Топтарды анықтауға бағытталған әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруда қиындықтарға тап болған оқушылармен психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу.

2. Диагностика нәтижелері бойынша ата-аналарға жеке және топтық кеңес беру және білім беру.

3. Педагогтерге оқушылардың ерекшеліктері, жеке және жас мәселелері бойынша білім беру және кеңес беру.

4. Мұғалімдерімен психологиялық сабақтарды жеңу бойынша семинарлар жүргізу.

5. Әр түрлі қиындықтарға тап болған оқушыларға педагогикалық көмек ұйымдастыру. Оқыту және мінез-құлық психодиагностика деректерін ескере отырып, мұғалімдер әдістемелік жұмыста түрлі пәндерді оқытудың мазмұны мен әдістемесін талдауға бағытталғандары жөн. Мұндай талдаудың мақсаты – түрлі мектеп қиындықтарын тудыруы мүмкін оқушылардың қарым-қатынас стилінде оқу процесінде анықтау және түзету жұмыстарын жүргізу.

6. Мектеп оқушыларымен оқу мен мінез-құлықтағы қиындықтар топтық психокоррекциялық жұмысты ұйымдастыру. Білім беруде психологиялық-медициналық-әлеуметтік сүйемелдеуді жүзеге асыру.

7. Жартыжылдық немесе жылдық жұмыс жоспарындағы мұғалімнің қызметі, нәтижелерді түсінуге бағытталған аналитикалық жұмыс қорытындысын шығару.

Қорыта келгенде, білім беру мақсаттарына қол жеткізуде білім алушыларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеу оқу-тәрбие процесінде ақпараттық-әдістемелік кеңістікті қамтитынын атап өтпекпін:

- жалпы білім беру сатысында білім алушылардың білім деңгейіндегі мектептердегі мұғалімдер білім беру үдерісіндегі өзгерістерді бағалау үшін мониторингті ұйымдастыру және жүргізудің шебері болуға міндетті;

- әдістемелік және психологиялық сүйемелдеу жүйесі педагогтар әзірлеген жобалар мен іске асыру, мемлекеттік білім беру стандарттарының контекстінде, білім беру бағдарламалары сұрақтары бойынша сауатты;лықта болуға міндетті;

- білім беру процесіндегі мұғалімдер мемлекеттік білім беру стандартының ауысуы мен жүзеге асырылуы жағдайында оқыту семинарларын өткізуді көздейтін модульдік курстар жүйесі, барлығының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша консультациялар, тренингтер және т. б. білімдерін толықтырудан өткізуге міндетті.

Білім берудің әртүрлі кезеңдеріндегі психологиялық-педагогикалық қолдаудың міндеттері әртүрлі. Мысалы, бастауыш мектеп-мектепте оқуға дайындықты анықтау, мектепке бейімделуді қамтамасыз ету, оқушылардың оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу мотивациясын дамыту, тәуелсіздік пен өзін-өзі ұйымдастыруды дамыту, тілек пен «оқу қабілетін» қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолдау көрсету. Негізгі мектеп-негізгі мектепке көшуді сүйемелдеу, оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу, жеке және құндылық-семантикалық өзін-өзі анықтау және өзін-

өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, жеке және әлеуметтену мәселелерін шешуге көмектесу, өмірлік дағдыларды қалыптастыру, невроздардың алдын алу, ата-аналармен және құрдастарымен сындарлы қарым-қатынас орнатуға көмектесу, девиантты мінез-құлықтың, нашақорлықтың алдын алу [3 б 1278]. Қорытындылай келе, бүгінгі күні психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу балалармен түзету және дамыту жұмыстарының әртүрлі әдістерінің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар кешенді технология, баланы дамыту, оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтендіру мәселелерін шешуге қолдау мен көмектесудің ерекше мәдениеті ретінде әрекет етеді деген қорытынды жасауға болады. Осылайша, психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру білім беру процесінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ете алады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Александровская Э.М. Оқушыларды психологиялық сүйемелдеу: жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – М., 2002.
- 2 Сүлейменова Р.А. «Қазақстандағы МШ балаларға ерте түзету көмек жүйесі; жарыққа шығарудың және дамуының проблемалары» Алматы, 2001ж.
- 3 Мектеп психологының жұмыс кітабы / ред.И.В. Дубровина. – М., 1991. 7. Ростова Е. С., Тумакова Н. А. ауызша сөйлеудің психологиялық және психолингвистикалық ерекшеліктері (диалогтық форма) // Жас ғалым. – 2015. – № 10. – 1278-1280 ББ.

УДК 37.012

### **ФОРМИРОВАНИЕ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ КАК ФАКТОР СОЗДАНИЯ УСПЕШНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ**

Китаева Наталья Сергеевна  
учитель географии КГУ  
«Жамбылская основная средняя школа  
Отдела образования Карасуского района» Управления образования акимата  
Костанайской области  
kitaeva45nata.ru@yandex.ru

#### **Аннотация**

*Мотивы являются структурной составляющей любой деятельности, а в процессе деятельности деятельность стимулируется не одним мотивом, а целым комплексом мотивов-мотивацией. Мотивация-это процесс побуждения к действиям, направленным на достижение определенных целей. Успешность учебной деятельности определяется развитием мотивации учащихся, что, в свою очередь, предполагает знание и учет мотивирующих факторов. В данной статье синтезируются существующие знания о проблемах стимулирования обучения в психолого-педагогической науке, в том числе о факторах, влияющих на его развитие. Представлен авторский анализ выявленных и систематизированных факторов развития учебной мотивации учащихся в школе. Так, автор статьи уделяет особое внимание таким мотивирующим факторам обучения, как имидж преподавателя с его ролью, атмосфера урока, взаимопонимание, уверенность учащихся в себе, личная значимость учебных заданий, заинтересованность и целеполагание.*

**Ключевые слова:** мотивация обучения, развитость мотивации, устойчивость мотивации, мотивы, мотивирующие факторы обучения.

#### **Андапта**

*Мотивтер кез – келген іс-әрекеттің құрылымдық компоненті болып табылады, ал іс-әрекет процесінде белсенділік бір мотивпен емес, мотивтердің тұтас кешенімен – мотивациямен қозғалады. Мотивация- белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған іс-әрекетке итермелеу процесі. Оқу іс-әрекетінің сәттілігі оқушылардың мотивациясының дамуымен анықталады, бұл өз кезегінде ынталандырушы факторларды білу мен ескеруді қамтиды. Бұл мақалада психологиялық-педагогикалық ғылымда оқытуды ынталандыру мәселелері, оның ішінде оның дамуына әсер ететін факторлар туралы бар білім синтезделеді. Мектепте оқушылардың оқу мотивациясын дамытудың анықталған және жүйеленген факторларына авторлық талдау ұсынылды. Сонымен, мақала авторы оқытушының рөлімен имиджі, сабақтың атмосферасы, өзара түсіністік, оқушылардың өзіне деген сенімділігі, оқу тапсырмаларының жеке маңыздылығы, қызығушылық пен мақсат қою сияқты оқытудың ынталандырушы факторларына ерекше мән береді.*